# НҰРА

№33 (5064)
СЕНБІ,
16 тамыз
2008 жыл

*Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады*

*Аудандық қоғамдық саяси газеті*


**Құрметті аудан тұрғындары! Құрметті спортшылар!**

Ертең біздің елдің спорттық жұртшылығы өзінің кәсіби мерекесі – Спорт күнін атап етпекші.

Спорт барлық уақытта адамзат тарихының төрінен ерекше орын алған және бұл кездейсоқ емес. Шын мәнінде, ол біздің өмірімізді әдемірек, қызықтырақ етеді, тап осы спортта нағыз жауынгерлік қасиеттер мен рух күші шыңдалады, ал спорт жарыстарының жеңімпаздары әрқашан айрықша құрмет пен сыйға бөленеді.

Қазақстан қашанда спорттық дәстүрге бай болды, ал тәуелсіздік алғаннан кейін спорттың дамуы тың серпін алды. Осының бәрі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың спортқа тұрақты назар аударуының арқасында мүмкін болғанын айту керек. Мұның өзі жемісті нәтижесін беріп, қазақстандық спортшылардың, оның ішінде Нұра ауданы спортшыларының әр түрлі деңгейдегі жарыстарда айтулы табыстарға қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

Дегенмен, әрине, бұл табыстың бәрі де біздің аудандағы дене шынықтыру мен спортпен айналысуға жасалған жағдайсыз, жаттықтырушылардың күнделікті ерен еңбегінсіз, негізін «Қарлы қыс» және «Сарыарқа» атты дәстүрлі спартакиадалар құрайтын бұқаралық спорттың дамуынсыз мүмкін болмас еді.

Пекинде өтетін Олимпиадаға жерлесіміз Қанат Әбутәліпов лицензияны жеңіп алып, сонда аламан бәйгеге қатысу үшін аттанды. Бауырымыз Қанаттың жеңісі егеменді еліміз табысының тайқазанына қосылған сүбелі үлес болды, ал біздің жерлесіміздің есімі елімізден тысқары жерлерде мәшһүр болуда.

Құрметті достар! Сіздерді тамаша мереке – Спорт күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, бақыт пен береке, сосын, әрине жаңа спорттық жетістіктер тілейміз.

**Нұра ауданының әкімі — С. Шайдаров.**
**Аудандық Мәслихат хатшысы — Е.Тұранов.**

**Уважаемые жители района! Уважаемые спортсмены!**

Спортивная общественность нашей страны отмечает свой профессиональный Праздник –День спорта. Спорт во все времена занимал особое место в истории человечества.

Всегда был богат спортивными традициями и Казахстан, а с обретением независимости развитие спорта получило новый импульс, и прежде всего благодаря постоянному вниманию Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева. Это дало свои результаты и позволило казахстанским спортсменам, в том числе и из Нуринского района, добиваться впечатляющих успехов на соревнованиях различного уровня.

На весь мир прославили Казахстан, в том числе Нуринский район, наши земляки: боксер Қанат Абуталипов, он участник и призер многих споривных состязаний, мастер спорта международного класса,член сборной Казахстана по боксу, участвующий в олимпийских играх в Пекине; Ахметбеков Мақсат - по қазақша күрес, чемпион РК, мастер международного класса, а также чемпион РК по гиревому спорту, мастер спорта Платынюк Сергей. И, конечно же, эти успехи были бы невозможны без тех условий, которые созданы в нашем районе для занятий физкультурой и спортом, без кропотливой повседневной работы тренеров, массового развития спорта, основу которого составляют и традиционные спартакиады «Қарлы қыс» и «Сары –Арқа».

Дорогие друзья! От всей души поздравляю вас с замечательным праздником – Днем спорта. Желаю всем доброго здоровья, счастья, благополучия и новых спортивных достижений.

**Аким Нуринского района — С. Шайдаров**
**Секретарь районного Маслихата — Е. Туранов**

**Құрметті жерлестер! Аудан мерейтойына 1 ай ғана уақыт қалды. Бар күшімізді мерейтойды жоғары дәрежеде өткізуге жұмылдырайық!**
**До юбилея района осталось всего один месяц! Приложим все усилия для того, чтобы на должном уровне провести праздник района!**

*Дені саудың жаны сау*

## Спорт жанашыры

**Саламатты өмір салтын кеңінен насихаттау жұмысын жандандыру қажет. Бұл мемлекеттік маңызды мәселе, сондықтан Үкімет оған барынша ауқымды дәрежеде көңіл бөлуге тиіс. Дені сау ұлт жалпыұлттық міндет. Оны жүзеге асыру мәселесінде отандық бизнес-қауымдастық белсенді қатысуға тиіс.**
Н.Назарбаев.Қазақстан халқына Жолдауынан.



Нұра ауданында дене шынықтыру мен спорт қамқорлықтан кенде емес. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші,Щербаковауылындағы шаруашылық басшысы Нығметов Сейітжапар Алшынбекұлы отбасымен спорт сүйер, саламатты өмір салтын ұстанатын, спортқа жанашырлық танытып жүрген азамат екенін жұртшылық біледі. Өзі Сейітжапар ауыр атлетиканың кір көтеру түрімен шұғылданады, жұбайы Галина волейболшы, ұлы Айнар қазақша күрес палуаны.

Щербаков ауылында спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалынған: шаруашылық басшысының жастар мәселесі жөніндегі арнайы штат енгізілген, спортзал, жаңа заман талабына сай тренажерлармен жабдықталған фитнес клуб бар. Сол спорт орталықтарына ауыл тұрғындарының жасы- кәрісіне дейін барлығы барып, саламатты өмір салтын насихаттап, өз денсаулықтары мен дене бітімдерін дұрыс қалыптастыруда. Фитнес клубтың бағасы да ешкімнің қалтасын тесіп бара жатқан жоқ, небәрі 50 теңге.

Щербаков ауылының спортшылары ауданда өтіп жатқан қай спорт түрі болмасын барлық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып, әрдайым алдыңғы қатарда. Мысалға алсақ, Щербаков спортшыларының құрама командасы таяуда Кертінді ауылында өткен дәстүрлі «Сарыарқа-2008» аудандық XXII жазғы спартакиадасында І-ші орынды жеңіп алып, аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың ақшалай 1 млн теңге көлеміндегі жүлдесінің иегерлері атанды. Оған қоса шаруашылық басшысы командаға 400 мың теңге сыйақы тапсырды.

Ауыл тұрғындарына саламатты өмір салтын насихаттап, дені сау ұрпақ қалыптастыруды ойлап, оған үнемі қамқорлық танытып, спорттағы биік белестерді бағындыруларына барлық жағдайды жасап жатқан шаруашылық басшысы Сейтжапар Алшынбекұлына спорт күні мерекесіне орай мың алғыс!

Еліңіз аман, денсаулықтары мықты болып, бірлікте, тірлікте жасап, табыстан табысқа жете беріңіздер демекпіз.



## Әрбір қазақстандық экологиялық қолайлы жағдайда өмір сүретін болсын!

"Нұр Отан"халықтық-демократиялық партиясының бағдарламасынан

«Шіркін, ат сауырына сыймайсың-ау, Қара Нұра! Топырағына таяқ шаншыса мәуелеп өсетін, алты ай арытып мінген атың алты күнде семіретін, бауырыңа мал ергізсе қас қағымда қоң жинайтын мекен екенсің»,- деп Асан Қайғы бабамыз таңдай қаққан бұл мекеннің көрікті жерлері аз емес. Бұл жерлерден сонау «Ақтабан шұбырынды, алкакөл сұлама» заманында халықтың туын көтеріп, соңына қол еріткен Алтай, Әлтеке, Нияз, Жидебай, Тарақты Байғозы батырлар осы Қара Нұраның бал татыған суын ішіп, ауыздығымен арпалысқан арғымақтарымен аталған өзенді талай рет кешіп өткен. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен бабаларымыз қорғап қалған жерді біз бүгінде қалай пайдаланып жатырмыз? Жердің киесіне қалмаймыз ба? Бұл жер әкімге, әлде эколог мамандарға ғана керек пе?,-деген сұрақтар еріксіз көкейге оралатыны сөзссіз. Бұлай дейтін себебім: «Нұра» газетінің өткен санында жарияланғандай аудан әкімі, «НұрОтан» ХДП-сы, Нұра аудандық филиалының төрағасы Шайдаров Серік Жаманқұлұлының бастамасымен «Жас Отан» жастар қанаты кеңесінің атқарушы хатшысы Б.Түсіпов, Киевка кенті әкімі және ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен Нұра және Құндызды өзендерінің жағаларын күлқоқыстан тазарту сенбілігі өткізілді. Негізгі мақсат: жастар арасындағы белсенділікті арттырып, экологиялық мәдениетке үйрету, жастарды өзін-өзі жетілдіруге көмектесу. Сенбілік барысында аудан әкімдігінің барлық құрылымдық бөлімдері, мектептер мен мемлекеттік мекемелердің көпшілігі ат салысты. Кент әкімі Б.Шайжановтың басқаруымен жиналған жұртшылық екіге бөлініп, бір бөлігі көпірден ары қарай Өндіріс ауылы жағын тазартса, екінші жартысы көпірдің бергі жағынан бастап бұрынғы сүт зауытына дейін тазалады. Жалпы сенбілік ұйымдасқан түрде, қанағаттанарлық деңгейде өтті. Мұндай игі шара ауданымыздың мерекесі жақындап келе жатқанда әлі де жалғасын табады деген ойдамыз.

Қорыта келгенде аудан жұртшылығына айтарымыз: қасиетті жерімізді сақтай білейік. Қадірін білейік. Әлемдік экологтардың жанайқайына құлақ асайық, ағайын. Сенібілік кезінде бұта-бұтаның арасынан балаша үйімізге қашпай бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық. Таң қаларлығы жау жағадан алғанда, бері етектен алады демекші біз ондай жұмыстармен айналыспаймыз деп шекесінен қараған шенеуік мырзаларымыз бөтен жақтан су ішіп, бөтен жерде өмір сүріп отырғандай. Өкім сенбілікке келеді десе ғана шығып, әкім келмейді дегенді естіп шықпайтын жұртшылық та бар. Оу, сонда бұл жер мен су әкімге ғана керек пе?

Мұнымыз жарамайды, ағайын! Экологиялық мәдениетке үйренейік.

**Біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең, туған жерді қасиет тұту - қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр**. Ендеше, ауданымыздың 80 жылдық мерекөсі қарсаңында өз ауламызды, көшемізді, ауылымызды, өзен - көлдерімізді, ауданымызды таза ұстайық!

**Д.БАЯНОВ,**
«НұрОтан» ХДП-сы аудандық филиалы терағасының -Іші орынбасары.

## Ауданда бұқаралық спортты дамытуға барлық жағдай жасалуда

**Жанболат Әбілқайырұлы Имашев Нұра ауданының тумасы, 1985 жылы Қарағанды педагогикалық институтының дене шынықтыру факультетін тәмамдаған соң, өзінің алғашқы еңбек жолын Амантау ауылындағы мектепте дене тәрбиесі пәнінің мұғалімінен бастап, бүгінде аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі.**

Мектеп кезінен спортқа әуес болған Жанболат аға спорт аренасында жаңа рекордтар мен жеңістерге жетуді алдына мақсат етіп қойды. Ол шәкірттеріне өзінің туған балалары ретінде қарап, өзінің бойындағы бар білімін, өнерін, жігерін соларға жұмсауда. Жанболат аға 2002 жылы алғашқы рет ауданда бокстан секция ашып, өзі жаттықтырушысы болды. Бұл секцияның әрі қарай дамып, жұмыс істеп тұруына облыстық бокс мектебінің көп септігі тиді.Көп кешікпей бокстан ауданымыздың жас боксшылары Қазақстан Республикасы Чемпионатының жүлдегерлері атанды. Атап айтсақ, Имашев Болат, Уызбаев Жасұлан, Хамзин Бекзат. Қазірде олар жастар арасындағы спорт өнерін жалғастыруда.

Нұра ауданының спортшылары түрлі деңгейдегі жарыстарға, спартакиадаға үнемі (21 рет) қатысып, бұнда жалпы есеп бойынша ауданның құрама командасы әрдайым жүлделі ІІІ-ші орынға ие болып, үлкен табыстарға жетуде. Осы спартакиадаларда аудан спортшылары бір емес талай рет чемпион атанды. Кір көтеру спортында С.Платынюк 2 мәрте облыс чемпионы. қазақша күрестен Н.Намысов, қол күрестен ағайынды Киткевичтер, шахматтан бірнеше рет облыс чемпионы Ж.Сандыбаев. 2006 жылы ұлттық ат спортынан Абай кентінде жалпы командалық І-ші орынды жеңіп алды.

**«Дені сау ұлт» үшін инфрақұрылымын дамытудың маңызы жоғары. Балалық шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек, демекші Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа** арнаған Жолдауын жүзеге асырылып келеді.

Ауданымыз өзінің спортшыларымен мақтан тұтады. Әсіресе, Баршынның тумасы Қанат Әбутәліпов салмақ дәрежесі 54 кг, Қазақстан ұлттық командасының мүшесі, Бейжің-2008 XXII жазғы олимпиадасының қатысушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ол Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Бейбіт Масабаевтың тәрбиеленушісі. Ұлттық спорт түрі қазақша күрестен ағайынды Мақсат пен Бекзат Ахметбековтар спорт шеберлері атанды. Ахметбеков Мақсат Қазақстан Республикасы Чемпионатының жүлдегері.

Нұра ауданында екі халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері және бір «Бейжің-2008» олимпиадасының қатысушысы, бес спорт шеберлері, жиырма спорт шеберіне кандидат, алпыс І-ші санаттағы спортшылар бар.

Аудан бойынша жылда қысқы «Қарлы қыс» және жазғы «Сарыарқа» спартакиадалары белгіленген жоспар бойынша өткізіледі. Жалпы жылына 25 спорттық іс-шаралар өткізіліп,спорттың барлық түрі қамтылуда. Биылғы жылғы «Сарыарқа-2008» аудандық жазғы спартакидасы аудан әкімінің тапсырмасымен Кертінді ауылында спорттың 18 түрінен, соның ішінде ұлттық ат спорттының 6 түрінен өтті.

Ендігі кіші топтың тәрбиеленушілері, яғни шәкірттері Тоқтағұлов Әлішер, Пензов Сергей, Чемерисов Максимдерден көп үміт күтудеміз,- дейді спорт бөлімінің меңгерушісі Жанболат Әбілқайырұлы.

Тамыз айының алғашқы күндерінде Осакаров ауданы Молодежный кентінде өткен облыстық жазғы аудан аралық спартакиадаға барып, жалпы командалық есеп бойынша 5-ші орын алып оралды.

Әр түрлі спорттық іс-шараларды өткізіп тұру үшін аға буын, шаруа басшылары өз көмектерін аямай, әрдайым демеуші болудан бас тартқан емес. Олар: «Қайнар» ЖШС-нің басшысы С.А.Нығметов, Г.Г.Прокоп-«Шахтер» ЖШС, Ы.Б.Таттыбаев-«Пржевальское» ЖШС, Н.Х.Сүлейменов- «ПК Индустриальный» және т.б.

Биылғы жылы бюджет қаржысына 1,5 млн теңгеге спорттық керек-жарақтар мен арнайы киім алынды.

Енді алда келе жатқан ауданымыздың 80 жылдық мерейтойына қатысты спорттық іс-шараларды өткізу үшін дайындық іске асырылуда. Спорттың 4 түрінен өтетін бұл мерекенің ең негізгісі ұлттық ат спортының «Аламан бәйгесі» мен қазақша күрестің «Түйе палуаны» атанғандарына жеңіл шетел автокөлігі қанжығаларына байланады.

- Аудандық спорт бөлімінің атынан аудан спортшылары мен спорт зейнеткерлерін және спорт үшін жаны күйетін жандарды айтулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт пен береке, спорттық жарыстарда сәттілік пен жеңіс тілеймін- дейді Жанболат Әбілқайырұлы.

**Айнұр НҰРДӘУЛЕТҚЫЗЫ**

## Нұра аудандық Мәслихатының ШЕШІМІ

**YII сессия № 109 25 маусым 2008 жыл Киевка кенті**

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қарағанды облысы Әділет департаменті Нұра ауданы Әділет басқармасы Нормативтік құқықтық акт 2008 жылы 7 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №8-14-81 болып енгізілді

«Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетуүшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6, 7 бабтарына, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 2 тармағы 97 бабына, Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» Заңының 4 тармағы 34 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген «Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу» Ережесінің 2 тармағының негізінде Нұра аудандық Мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет керсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасы бекітілсін.

2. Нұра аудандық Мәслихатының 2006 жылғы 22 маусымдағы жиырма төртінші сессиясының №251 «Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидаларын бекіту туралы» (Нұра аудандық әділет басқармасында 2006 жылда 25 шілдеде тіркелген, тіркеу №8-14-31), Нұра газетінің 2006 жылғы 8 тамызда №33 (4957) жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **Н.Сүлейменов**
**Аудандық Мәслихат хатшысы** **Е.Тұранов**

---

## Нұра аудандық Мәслихатының ШЕШІМІ

**YII сессия№110 25 маусым 2008 жыл Киевка кенті**

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қарағанды облысы Әділет департаменті Нұра ауданы Әділет басқармасы Нормативтік құқықтық акт 2008 жылы 7 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №8-14-80 болып енгізілд і

**2008 жылы жергілікті өкілетті органдардын шешімімен көмекке мұқтаж азаматтардын жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек көрсету туралы.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Азаматтардын жекелеген категорияларына жеңілдіктер беру мәселері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен қосымшалар еңгізу туралы», «Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысқандарына және оларға теңестірілгендерге жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарының негізінде Нұра аудандық Маслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» аудандық мекемесі АО «Казпошта»-ның Киевка кентіндегі филиалы арқылы банктік операциялар түрлеріне сәйкес, жергілікті өкілетті органдардың шешімімен қаралған әлеуметтік төлемдердін тиісті сомаларын, аудан азаматтарының келесі аталған жекелеген категорияларына төленсін:

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні мерекесіне:
1) соғыс мүгедектеріне және қатысқандарға - бес мың теңге, әлеуметтік көмектін төлемі Нұра аудандық Зейнетақы төлеу мемлекетік Орталығы ұсынған тізім бойынша беріледі;
2) бұрынғы концлагерлердің кәмелетке толмаған тұтқыны болғандарға - үш мың теңге;
3) Ленинград қаласының блокадасы кезінде сол жерде жұмыс істеп және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «блокадалық Ленинградтын тұрғыны» белгісімен марапатталған азаматтарға -үш мың теңге;
4) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда жанкештілік еңбегі және мінсіз әскери кызметі үшін бұрынғы ССРО-ның ордендері және медалдерімен марапатталған тұлғаларға - бір мың теңге;

Балаларды қорғау күніне:
5) мүгедек балаларға - үш мың теңге, әлеуметтік кеметін төлемі Нұра аудандық Зейнетақы телеу мемлекетік Орталығы ұсынған тізім бойынша беріледі;
6) Ұлы Отан соғысына қатысқандары мен мүгедектеріне от жағатын мезгілде коммуналдық қызмет ақысын төлеу үшін айына 100 квт электрқуатының ақысын, қатты отынға 12000 теңге;
7) кент және ауылдардын аз қамтылған азаматтарына егер орташажандық табысы күн көріс деңгейінен темен немесе кейбір орын алған жағдайларға байланысты шұғыл қолдауға мұқтаж болғанда 2000 теңгеден 5000 теңгеге дейін;
8) кент және ауылдардын азаматтарының орташажандық табысы күн көріс деңгейінен жоғары болғанда, айрықша жағдайларда - өрт, денсаулықтын қауыпты жағдайы, жол апаты және басқа кездейсоқ жағдайлар – 5000 теңгеден 20000 теңгеге дейін әлеуметтік төлем алу құқығы бар.

2. Әлеуметтік көмектін төлемдері осы шешімнің 1 тармағы 1),2),3),4),5),6) тармақшаларында аталған азаматтардын жекелеген категорияларына Нұра ауданының Зейнетақы төлеу мемлекеттік Орталығының ұсынған тізімдері негізінде жүргізілсін.

3. Осы шешімнің 1 тармағы 7),8) тармақшаларында аталған азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек төлемі келесі құжаттардын негізгінде жүргізіледі:
1) әлеуметтік көмек керсетуге жазбаша түрдегі етініш;
2) өтінушінің жеке куәлігінің, СТН кешірмесі;
3) емдеу мекемесінін емделу қажеттілігі туралы анықтамасы;
4) өрт туралы акт;
5) кірістерінің түрі көрсетілген материалдық-тұрмыстық жағдайды тексеру актісі және кент немесе ауыл әкімінің ұсынымы.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **Н.Сүлейменов**
**Аудандық Мәслихат хатшысы** **Е.Тұранов**

---

**Поправка**

В материале «Продовольственная безопасность страны. Ахметаульский «экономический локомотив», опубликованном в газете «Нура» № 31 за 2 августа по вине автора допущена ошибка, в абзаце: «Всего же КХ «Когабаев» имеет годовой оборот ...» следует читать: «Всего же КХ «Когабаев» имеет годовой доход 40 миллионов тенге.»

---

*Завтра - день спорта*

## Спорту посвящая жизнь

**Развивать инфраструктуру для "здоровой нации". Акцент нужно сделать на физической и спортивной подготовке с самого детства и предоставлении длдя этого наилучших возможностей.** Из Послания Президента.

В год 80-летия Нуринского района Ольга Александровна Баранова будет отмечать и свой личный юбилей. Тридцать лет назад она по распределению после окончания института приехала отрабатывать три года в поселок Киевку Нуринского района, да так здесь и задержалась, обретя свое семейное счастье, выйдя замуж за коллегу и родив двух дочерей.

С высшим спортивным образованием она тогда была в ДЮСШ первой и единственной. После техникума работала тренером Нина Попова, все остальные, вплоть до директора Г.С.Каспарьяна не имели специального высшего образования. Однако это никак не сказывалось на их работе, которой они посвящали все свое время, азарт и энергию.

Заниматься спортом Оля (тогда еще Князева) начала 4-го класса, учась в одной из Карагандинских средних школ. Она посещала практически все секции и участвовала в соревнованиях по многим видам спорта. После школы год отработала в спортивном обществе «Локомотив» и поступила по направлению в институт физической культуры, где отдала предпочтение лыжам и ездила за сборную института на все студенческие соревнования по городам Казахстана. на отработку приехала в село, о чем ничуть не жалеет.

Сегодня Ольга Александровна с большой теплотой отзывается о своем наставнике и старшем товарище Георгие Сукьясовиче Каспарьяне, который сам до фанатизма отдавал себя работе и смог передать это же отношение своим подчиненным. Дисциплина и любовь к спорту – вот те составляющие, которые пронесли через десятилетия работы в детской юношеской спортивной школе супруги Барановы.

Когда-то ДЮСШ размещалась в помещении, отведенном для нее в торце КСШ № 2. Здесь же был и склад под спортинвентарь, где одних только лыж насчитывалось не менее ста пар. Под руководством Г.С. Каспарьяна с ребятами занимались такие тренеры, как: Тусупханов Касымхан, Шульц Александр, Гордиенко Александр, Павлов Владимир, Егорова Галина, Сагындыков Ардак, Герман Эдуард, Миненко Елена, Бауман Светлана, Геннадий и Ольга Барановы. Тренировались тогда в основном в парке, спортзалах школ и кинотеатре «Целинный», где стояли два теннисных стола.

Муж Геннадий проработал в ДЮСШ на два года больше Ольги и вел тогда тренерскую секцию по хоккею. Его руками построен не один корт в поселке, последний из которых был возле КСШ №3. Желающих играть было всегда очень много. Частенько команды занимали первые места не только в районе, но и области.

Старожилы спорта никогда не забудут тот период, когда каток, расположенный между первой и второй школами, собирал на соревнованиях по хоккею и футболу сотни зрителей. Здесь же вечерами собиралась молодежь, чтобы просто под музыку покататься на коньках, которые тоже можно было взять на прокат в



спортивной школе. Сегодня многие желали бы возродить этот вид спорта, но пока еще нет специальных условий, инвентаря в виде коньков и клюшек. Однако, если учесть нынешнюю денежную поддержку спорта, может быть хоккей и займет опять свое прежнее место в районе.

Очень многие спортсмены помнят тот период перестройки, когда один за одним были закрыты филиалы и на весь район осталось по штату не более 4- 5 тренеров. Помнят и о том, как из второй школы ДЮСШ перебралась в Дом пионеров, а после его закрытия – в один из кабинетов при отделе образования. Но несмотря ни на какие трудности детская юношеская спортивная школа, также как и музыкальная, были в районе сохранены, и более того всегда имели поддержку руководства района.

Немалую поддержку ДЮСШ сегодня оказывает первый заместитель председателя НДП "Нұр Отан" Д.К.Баянов, ветеран спорта, который "сколотил" вокруг себя новую команду волейболистов№

- Что касается финансовой поддержки развития спорта в районе,- вспоминает Ольга Александровна, - то, начиная с 2001 года на укрепление материально-технической базы школ района и ДЮСШ было выделено из областного бюджета более 4-х миллионов тенге, а из районного – 300 тысяч, на что были приобретены тренажеры для атлетического зала, борцовский ковер, теннисные столы, мячи, спортивная форма, лыжи и т.д. В 2002 году в районном бюджете было заложено 1миллион 250 тысяч тенге.

А такого финансирования, как в этом году не было прежде никогда. Юные спортсмены безгранично благодарны акиму района С.Шайдарову, за заботу о спорте, за выделение средств на капитальный ремонт стадиона, теперь наш стадион будет иметь современный вид и детям будет приятно заниматься в нем.

В настоящий момент на стадионе идет капитальный ремонт и подготовка его к празднованию 80-летия района. На 35 миллионов, выделенных из областного бюджета уже выложено искусственное футбольное поле, готова беговая дорожка, в спортзале перекрыты полы, идет ремонт трибун, где будут установлены 800 стульев.

В том же году в райцентре состоялось открытие стадиона «Нура», строительство которого завершилось к моменту проведения в Нуринском районе областной спартакиады «Сары-Арка». А Ольгу Александровну Баранову назначили директором детской юношеской спортивной школы, которая базировалась теперь при стадионе - центре всех спортивных мероприятий в районе, где ныне работают 11 тренеров–преподавателей, занимаются до 400 учащихся.

Пост директора не мешает Ольге Александровне продолжать тренировать своих подопечных. Это благодаря ее немалым усилиям лыжники Нуринского района являются шестикратными чемпионами сельских спартакиад «Карлы кыс – 2001, 2002, 2003, 2004, 2005, 2006», а также чемпионами областных соревнований на протяжении многих лет. В 2002 году шесть лыжников ДЮСШ были участниками республиканской спартакиады среди школьников в г. Риддере Восточно-Казахстанской области. Первое место районная команда заняла среди городских лыжников в игре «Я – чемпион», которая проходила в Петропавловске, в чем опять же заслуга тренера.

- К сожалению, сегодня, - признается О.Баранова, - у школьников появились интересы в виде компьютеров и многое другое, что отодвинуло спорт на второй план. Однако, если учесть, что сегодня главное это здоровый образ жизни, и глядя на современный стадион, после ремонта , мы уверены, что желающих заняться спортом не убавится.

**Накануне Дня спорта Ольга Александровна награждена Грамотой и ценным подарком от областного департамента спорта за достигнутые успехи в воспитании подрастающего поколения.**

Одним словом, жизнь на стадионе всегда кипит, а вместе с ней здоровый образ жизни в районе активно пропагандирует Ольга Александровна Баранова.

Наталия **ШЕВЧЕНКО**

## Праздник отметили строители

Этот особенный год для района стройки оживили спокойную и размеренную жизнь нуринцев. И это здорово! И пусть пока еще не все объекты сданы в эксплуатацию, но от сознания того, что на смену старому приходит новое и современное, заметно поднимается настроение и появляется чувство гордости за свой поселок. Забытая на некоторое время профессия строителя вновь обретает свой статус и особую актуальность, становясь более востребованной и престижной.

Второе воскресенье августа строители отметили свой профессиональный праздник. В районном центре в связи с этим было организовано мероприятие с вручением благодарственных писем отличившимся специалистам своего дела и силами районного Дома культуры дан праздничный концерт. Со словами поздравлений к собравшимся на площади строителям и жителям поселка обратился заместитель акима района Б.Б. Кощегулов, который в своем выступлении особо отметил динамичность экономического и социального развития страны, ход государственной программы развития жилищного строительства. Назвав все стройки этого года, в числе которых: реконструкция центрального парка, капитальные ремонты Дома культуры и стадиона «Нура», детского сада «Алтын Дан», Киевской и Каройской средней школы, реконструкция коммунальной бани, водопроводных сетей поселка Киевка и сел Пржевальское, Майоровка,строителство водопроводов в с. Жараспай и Куланотпес, капитальный ремонт тротуаров, установка нового въездного знака-стелы и монумента павшим воинам в ВОВ, - Бекет Бекпаевич от имени акима района сердечно поздравил строителей с их профессиональной датой и вручил отдельным строителям Почетные грамоты и Благодарственные письма.

Так, за особые заслуги и личный вклад в решение задач социально-экономического развития района и профессиональное мастерство Почетными грамотами акима района были награждены: ТОО «Изумруд» (водопроводные сети с. Майоровка) и ТОО «Компания Нурай-Строй» (водопровод п. Киевка, реконструкция бани, здания и гаражей КГП «Каратал»). Благодарственные письма в этот день получили: Б.Садвакасов, водитель ДЭУ-48; Е.Дюсембаев, монтажник ТОО «Салем»; Э.Стефанович, оператор крана ИП «Рыженков»; Д.Туркин, рабочий ИП «Томабаев»; О.Абдуллаев, бригадир ТОО Изумруд"А.Шерубаев, плотник ТОО «Найманстрой»; К.Койбагаров, А.Жарбулов, А.Жоров, Х.Абишев, М.Жолаев, ТОО «Сейсер» (реконструкция дорог Киевка- Жараспай); С.Омаров, сварщик, А.Ваккер, электросварщик, М.Металкинов, бригадир ТОО «Компания Нурай-Строй»; А.Жумагулова, прораб ТОО «Евразийский Консорциум» (капремонт детского сада); К.Каташ, рабочий ТОО «Темир-Арка».

Кроме того, Благодарственными письмами были поощрены победители трех конкурсов, которые прошли по предложению акима района накануне праздничного дня и где профессиональное мастерство наиболее проявили: А.Будеев (ТОО «Салем»), как «Лучший укладчик брусчатки», С.Муратхан (ТОО «НайманСтрой») - «Лучший штукатур» и С.Козлов (ТОО «ЭлоимЛТД») - «Лучший маляр».

**Наталия Шевченко**

## *К 80-летию Нуринского района*

# Летопись событий: 1928-1998 гг

Еще в прошлом столетии первых два переселенческих участка – Черниговский и Киевский оформились как селения на территории будущего района. На рубеже веков, в 1890 году на карте земли появилось село Ивановка. 20 октября 1908 года на участке Жутчукуль появилось село Горное (Семеновка). Захаровское и Пушкинское утверждены селениями 27 апреля 1909 года. Майоровское на первом участке Ульken-Талдысай и Ефремовское на втором участке Улькен-Талдысай утверждены 27 ноября 1909 г. Село Батуринское на участке Колан возникло 23 октября 1909 г. Село Плаховка – на участке Айтпек возродилось 7 мая 1912 года, а Бородинское на участке Коскопа -31 декабря 1912 года, Ново-Карповка – в 1920 г.

Села, где заселялись украинцы, русские, немцы, относились к Захаровской и Черниговской волостки. Население коренной национальности проживало в 330 аулах, входящих в Кара-Агачскую (переименованную позже Амантаускую), Конакскую, Багулинскую и Жилиндинскую волости. После революции все они были объединены в Сары-Аркинскую волость с центром в селе Кокмульдир.

1923 год. В январе к Нуринской волости были присоединены Амантауская и часть Багулинской волостей, а в январе 1928 года из Нуринской и Сары-Аркинской волостей был образован Нуринский район с центром в урочище Караул-тобе.

1930 год. В декабре на основании постановления ВЦИК Нуринский район был укрупнен за счет частей Атбасарского, Промышленного и Революционного районов и утвержден на правах самостоятельного района.

1932 год. 10 января Нуринский район вошел в состав Карагандинской области с центром в селе Казгородок.

1934 год. В августе центром района стало село Киевка.

1918 год. В списках Акмолинского совдепа были имена посланцев нуринской бедноты: Сергея Щербины, Абдуллы Асылбекова, Турысбека Мынбаева и др.

1919 год. В октябре 1919 года белогвардейцы расстреляли первых активистов новой власти – Игната и Семена Щербины, Николая Тыртышнобины, Егора и Клима Шевченко. В Акмолинске были расстреляны волостной писарь Захаровской волости К.А.Поставничев, жители села – О.Старчев, М.В.Кунцевич. память о них надо хранить вечно.

1921 год. Захаровский волостной исполнительный комитет возглавил Я.А.Юшко, а сельский Совет – М.А.поветкин, Пушкинский сельский Совет – Я. Маурер, завьяловский – Д.Трофименко, Горный – С.носач, Самарский – И.плескач, Бородинский –И.хрюкин, Плаховский – И.верблюдов. В Киевке был создан первый волисполком (первый председатель С.Д.Щербина).

1930 год. В районе образованы два мясо – молочных совхоза акционерного общества «Скотовод»: Кзыл-казахский совхоз у озера Изенды – в 200 тыс. гектаров, и «Маржанкульский! –у озера Жаманколь с площадью 100 тысяч га. Число колхозов на 1 июня 1930 года составило 56. 1 сентября была создана первая почтовая райконтора и установлено почтовое движение по тракту Акмолинск-Казгородок (через день). В Киевке образован колхоз «парижская Коммуна» (первый председатель колхоза П.И.Щербина).

1930-1931 годы. В районе было начато и продолжено строительство телефонной линии: Акмолинск-рождественское-Черниговка-Киевка-Казгородок- совхоз «Маржанкульский».

1930 год. В районе насчитывалось 16 школ, 103 пункта ликвидации безграмотности, 2 избы – читальни и одна политшкола. В 16 школах работали всего 26 учителей, а число учащихся было 947 человек. Организованы две машиносенокосные станции «Нуринская -1» и «нуринская -2».

1932 год. В районе работало 3 фельдшера, организована 1 больница на 8 коек и 7 фельдшерских пунктов. Существовали 16 сельских и аульских Советов: Батуринский, Боронский, Ефремовский, Захаровский, киевский, Савельевский, Черниговский, Балактинский, Бурмашский, Жумускерский, Каройский, Кзыл-Агашский, Корганжарский, Султанский, Плаховский.

1930-31 годы. В районе было раскулачено более 400 семей, в том числе в Киевке -138, Черниговке -100 и т.д. Люди, напуганные коллективизацией, бежали в Караганду, на Балхаш, на тройку железной дороги от Акмолинска до Караганды. Работали 3 магазина, 4 ларька, 33 лавки, 3 хлебопекарни, 5 столовых.

1932 год. На территории района было 32 коллективных хозяйства, колхозы, которые объединяли 3450 бедняцких и середняцких хозяйств. Посевная площадь хозяйств занимала 4746 га, а через три года она составила 27 тысяч гектаров.

1933 год. Колхоз «Надежда», в селе Майоровка возглавил А.Вагнер. председатель Совета –Егор Зейферт, в декабре 1934 года колхоз «Надежда» переименован в колхоз им. Кирова.

1934 год. В Киевке открылась больница, фельдшерские пункты были в Казгородке, Плаховке и Черниговке. Штат -5 фельдшеров. В районе были созданы 5 почтовых агентств, радиостанция, телоеграф, 10 мельниц, из них 3 водяные. Население района составило 14992 человека, из них 9843 человека – казахи. В 56 колхозах насчитывалось 3422 хозяйства. Совхоз «Маржанкульский» имел 6512 голов КРС, 69 лошадей и 32 верблюда. В «кзыл-Казахскиом» насчитывалось 4268 голов КРС, 35 лошадей и 40 верблюдов, в Жараспае -3658 голов КРС, 14 лошадей и 7 верблюдов. Образована Черниговская МТС (первый директор Малик Мустафин – репрессирован в 1937 году). Население выписывало 1140 экземпляров газет и 300 журналов, создано 4 радиоузла и 30 радиоточек. Население района впервые увидело кинофильм и услышало голос радио.

Из архивных документов.

На территории Нуринского района проходила так называемая Ташкентская дорога на Акмолинска к Рождественке, вдоль правого берега Ишима – к долине реки Нуры. От Рождественки до Черниговки никаких строении не было. В те годы через Нуру был построен мост, которого сейчас нет. Перед Черниговкой дорога поднималось выше сопки Кубетей имеет высоту 1540 футов над уровнем моря), далше дорога шла в Киевку и к Ивановке.

Казгородок – центр Кызыл-Тальского Совета, а с 1961 года – центральная усадьба совхоза им. Чкалова, основан в 1928 г на месте аула Кертынды (с 1932 – Кызыл-казахская МТС), был центром Нуринского района с 1932 по 1934 годы. Жараспай – село центр Жараспайского Совета, центральная усадьба совхоза «17 лет Октября», основан в 30-е годы переселенцами из Украины. Кызыл-Казахский совхоз - первый совхоз в районе был расположен на сотни верст (Жараспай был вначале фермой этого совхоза), а с 1932 года стал самостоятельным совхозом.

1935 год. Колхоз «новая жизнь» (село Черниговка) переименован в колхоз им. Калинина.

1937 год. Председателем Нуринского райисполкома стал Петр Игнатьевич Щербина, в 1942 году он ушел на фронт и погиб.

1936-1938 годы. Председателем колхоза избран М.Дыров, а в 1938 году – Ильяс Ахметов (колхоз «Парижская Коммуна») . А затем с 1943 по 1950-е возглавлял колхоз «Паркоммуна» П.С.Старчев, 1953- Ф.Ф.Гофман, 1953-54 – И.И.Клычков, 1954-58 – Токум Искаков. В 1958 до преобразования колхоза у руководства хозяйства был Л.П.Курченко.

1940-1954 годы. В составе Нуринского района было 14 сельаулсоветов (архивная справка). По данным Госплана КазССР, Нуринский район на момент его образования занимал территорию в 1902 тысячи гектаров, из них под пригодную пашню -380 тысяч га, 76 тысяч га сенокосов, 1139 тысяч га выпасов. В 1938 году в районе проживало 25507 человек, из них -18467 казахов. Всего зафиксировано 5883 хозяйства, их них в колхозном секторе -2433 семьи в составе 7627 человек.

**1941-1945 годы**. Страшные годы войны вписали неизгладимую страницу в историю района, когда более 3-х тысяч нуринцев ушли на фронт и каждый второй остался на полях сражений. Наградами СССР удостоены 2487 нуринцев. Высшей награды Героя Советского Союза удостоены Семен Андрианович Лебедев родом из Плаховки, Иван Михайлович Колодий- из Киевки и полным кавалером орденов солдатской Славы – Муташ Сулейменов из Казгородка. Трудно перечислить всех, кто сражался и погиб, но победил, кто остался в тылу и трудился, не жалея сил, от зари до зари под лозунгом: «все для фронта, все для Победы». 280 нуринцев были награждены орденами и медалями за трудовые подвиги в тылу. В числе тех, кто ушел на фронт и погиб,- рядовые, работники Советов, хозяйственные руководители, учителя и медработники. Когда читаешь Книгу памяти, то почему-то становится мучительно больно за то, когда видишь, что война забирала иногда по 2-3 человека из одной семьи. Братья Козодой – погибли 3 человека, Базяки- 3 человека, Баймагамбетовы – 2 человека и т.д. и т.п. сотни фамилий и имен двадцати - тридцатилетних парней смотрят и сейчас со страниц книг, писем с фронта, фотографий и документов.

За годы войны трудящиеся района отправили на фронт для бойцов действующей армии 9500 наименований вещей, 1500 посылок, около 450 тысяч рублей наличными деньгами и подписались на 1,5 миллиона рублей госзайма.

1943 год. В Нуринском районе проходили возрожденные айтысы акынов. Выступали такие именитые акыны-земляки, как Каип Айнабеков, Жолдыкей Нурмагамбетов, Таужи Айнатасов, Колзак Амангельдин, Саби Азденбаев. Такой айтыс состоялся в октябре 1943 года в колхозе «Кызыл-Шилик», где состязались нуринские и каркаралинские акыны.

1954-1957 годы. В районе было создано 7 новых целинных совхозов: «Энтузиаст», им. Пржевальского, «Шахтер», «Киевский», «Индустриальный», «Донской», «Щербаковский».

* * *

Нуринский район – это родина дважды Героя Соцтруда Н.А.Кузнецова, Героев Соцтруда Н.Айтуганова и И.Смагулова, это земля и родинаученых и просветителей А.Асылбекова, К.Айнабекова, К. Мукушева, С.Талжанова, К.Мынбаева. Нуринский район – это житница области, который был и есть один из крупнейших зерновых районов республики. Нуринский район – это космическая гавань, где приземлились 11 космонавтов, это район многочисленных памятников старины и современности. На территории района жили и живут удивительные люди, умеющие трудиться, учиться, думать и мечтать.

**П.Назаркин.**

# Листая страницы истории

Как известно, 26 августа 1920 года по инициативе народного комиссариата по делам национальностей (РОС) Всероссийский Центральный исполнительный комитет за подписями В.И.Ленина и Калинина издал декрет об образовании Автономной Киргизско-Казахской Социалистической Республики, входящей в состав РСФСР. С образованием автономной республики была определена ее территория – довольно пестрая по административному делению и состоявшая из областей, округов и уездов.

В потоке числа волостей, входивших в состав Акмолинского уезда, была и кочевая Нуринская волость. В январе 1923 года к Нуринской волости была присоединена Амантауская и часть Буглинской волости, а в январе 1928 года из Нуринской и Сары-Аркинской волости был образован Нуринский район с центром в урочище Караустюбе. В 1932 году Нуринский район вошел в состав Карагандинской области с центром в поселке Казгородок, а в августе 1934 года центр был перенесен в село Киевку.

Район, как административная единица, образован в авгус¬те 1928 года, его территория вытянута с севера на юг на 160 км и с запада на восток на 110 км. В конце 1932 года на территории района было создано 32 колхоза, объединяющих 3450 бедняцких и середняцких хозяйств, а также 2 мясомолочных совхоза. В связи с созданием сельхозартелей в районе образуется сеть общеобразовательных школ и культурно-просветительных учреждений. В 1931 году заработало 33 школы, обучалось 1952 ученика. А в 1936-1937 годах в начальных школах обучалось 2350 учеников, в 5 неполных средних школах - 936 учеников.

По ликвидации безграмотности среди взрослого населения были созданы школы ликбеза, уже в 1931-м году обучалось 5394 человека. В школах района работали 132 учителя, из них с высшим образованием - I, средним - 16, неполным средним - 115.

Среди казахского и русского населения массово-разъяснительную работу проводили работники 4-х изб-читален.

Во всех этих больших и малых делах немалое участие занимали комсомольцы и молодежь. История комсомола и молодежное движение в районе берут начало с 1921-го года. В селе Киевка была создана первая комсомольская ячейка из 3-х человек, в этот же период образовывается партийная ячейка. Создателем и организатором партийной и комсомольской ячеек был коммунист Василий Николаевич Щульгин (до 1970 года проживал в г. Целинограде).

Потребность в культуре все возрастала. На 1934 год в районе выписывали уже 1140 экземпляров газет, 300 экз. журналов (численность поселения района на I января 1933 года - 14992 чел.) Создано 4 радиоузла, 38 радиоточек. В это же время организуется районная газета.

Это были очень трудные годы, когда приходилось работать в противоборстве с враждебными элементами. Убеждать отсталое население словом и делом в жизнедеятельности Советской власти.

Все дальше уносит нас время от тех 20-х годов, когда на весь мир прозвучал залп "Авроры» и начался новый отсчет истории.

Немало героических строк в страницы истории вписали и наши земляки-нуринцы.

Бешеное сопротивление продразверстке оказало кулачество. К кулакам, которые злостно скрывали свои запасы, Советская власть применяла меры принуждения и проводила эту политику по классовому принципу: с бедных крестьян ничего, со средника - умеренно, а с богатых - много.

В районы, где велись сопротивления кулаков, направлялись молодые люди из числа комсомольцев и членов партии, продкомиссары. Одним из таких и был Михаил Васильевич Кунцевич. Он прибыл в Семеновку (ныне отделение совхоза им.Куйбышева), по рассказам старейших жителей в начале 1921 года из Кокчетава. Ему было 25. Обязанностью Кунцевича было выявление запасов хлеба, спрятанного местным кулачеством, охрана жителей от наскоков белобандитов.

Продкомиссар М.В.Кунцевич в короткое время сумел завоевать авторитет среди жителей села. Большая часть выявленного зерна была отправлена в помощь голодающим. Снабжение продовольствием белобандитов прекратилось.

Все это не давало покоя скрытым врагам Советской власти, они перешли к открытым действиям. В одну из темных ночей во время посевной Михаил Васильевич получил сообщение, что в поселке появились белобандиты. Он с двумя друзьями-комсомольцами решил ликвидировать их, но бандиты опять-таки при помощи местных кулаков сумели через черный ход, задворками выйти в тыл продкомиссара и почти в упор застрелить его, а затем ускакали в неизвестном направлении.

Церковный колокол собрал всех жителей села. В церкви на наспех сколоченных носилках лежал убитый Кунцевич. Похоронили его всем селом около школы. Через 17 лет, в 1938 году прах его был перенесен на площадку возле клуба, где он и покоится сейчас. Тогда был сооружен небольшой деревянный памятник, который затем заменили железным. Жители села свято чтут память продкомиссара, героя, отдавшего жизнь за народ.

В Захаровне славился своими революционными убеждениями И.А.Постанычев. Этого человека по праву считают первым большевиком Захаровки. В Акмолинске он начинал свою революционную деятельность с Сакеном Сейфуллиным, Р.Кривогузом, с З.П.Катченко. 14 июля 1919 года И.А. Постанычев был расстрелян белогвардейцами. Похоронены они в братской могиле борцов революции в Акмолинске.

В книге "Тернистый чуть" Сакен Сейфуллин много пишет об Абдулле Асылбекове. Это был один из бесстрашных борцов за Советскую власть. Жизнь стойкого революционера глубокими корнями свя¬зана с нашей областью, районом.

Абдулла Асылбеков родился в ауле № 1 Нуринской волости в 1896 году. Нине это село Семеновка. Казахское название местности - урочище Кобыколь. Абдулла рано лишился матери, воспитывала его бабушка. В десятилетнем возрасте вместе с отцом Абдрахманом переехал в Акмолинск. Затем последовала учеба в медресе г.Оренбурга и казанской школе в Петропавловске. Ни одно из учебных заведений закончить ему не удалось. Однако он сумел устроиться учителем сначала в Акмолинске, а затем в родной Нуринской волости. 2 марта 1918 года был избран в состав исполнительного комитета Акмолинского уездного Совета вместе с С.Сейфуллиным, Р.Кривогузом, 3. Катченко, Б.Серикбаевым и др.

После февральской революции 1917 года Абдулла оседает в Акмолинске и является одним из организаторов культурно-просветительного общества "Жас қазах" и газеты "Тиршілик". Асылбеков становится одним из организаторов отрядов Красной гвардии. Он вместе с заключенными революционерами бежал из Спаска. Затем с белыми сражался в Сибири и на Дальнем Востоке. Вырос от красноармейца до комиссара полка Приморской армии.

В 1921 году А.Асылбеков возвратился в Казахстан. Был деле¬гатом Х Всероссийского съезда Советов и I съезда Советов СССР, принявшего исторический документ - Декларацию об образовании СССР.

29 июля 1936 годя Постановлением Президиума ВЦИК была образована Карагандинская область с центром в городе Караганде. Председателем облисполкома был назначен А.Асылбеков. Вскоре жизнь его оборвалась. Асылбеков был арестован как враг народа вместе с Н.Нурмаковым, С. Сейфуллиным. Ни в чем неповинные люди были приговоре¬ны к расстрелу.

Имя А.Асылбекова сегодня возвращено народу. В Каркаралинске, на здании где он работал, установлена мемориальная доска. Не следует забывать, что А.Асылбеков был и первым казахским советским публицистом, изучение творческого наследия которого - это еще один шаг на пути к подлинной истории минувших дней.

# Елге сыйлы азамат

Қазақтың ертеден келе жатқан өзіндегі барымен халықпен бөлісетін мінезі бар. Игі жақсылары қарапайым халықты үнемі қолдан, неге болса да қол ұшын беруге тырысқан. Сол сияқты бүтіндей бір ауылдың әлеуеті мен әлеуметіне кемегін тигізіп отырған азаматтар бүгінгі күнде де халықтың ділін сақтап келеді.

Нұра ауданына қарасты ауылдарда әр алуан шаруашылық көздері бар. Сол ауылдардың басшыларының жасап отырған істеріне халық баға беріп отырары сөзсіз. Себебі әр уақытта, әр қашанда негізгі тереші халық. Сондай жайсан жерлердің бірі Сарыөзен ауылы. Ал, осы ауылдың тыныс-тіршілігіне үздіксіз демеу жасап келе жатқан азаматтардың бірі «Сарыөзен» Шаруа қожалығының басшысы Рамазан Абильдин.

Рамазан Мұхатайұлы 1958 жылы Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Құмгөл ауылында дүниеге келген. Отбасында төрт бала тәрбиелеген. Әкесі Мұхатай Абильдин кезінде есепші, қойшы және бригадирлік қызмет атқарған. 1986-1990 жылдары Алматыдағы Партия жоғары мектебін тәмәмдаған. Теңіз ауданында нұсқаушы, ұйымдастырушы бөлімінің меңгерушісі болған. 1991 жылы III-ші автопарк бастығы, 1991-1993 жылдары аудандық ауылшаруашылығы техникасы басқармасының директоры. Сарыөзенге 1993 жылы директорлық қызметке келді. «Сарыөзен» ШҚ-ын 2001 жылы құрды.

Бұл кісінің еңбек жолында үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсету байқалады. «Жақсылар жақсымын»- деп айта алмайды демекші Рамазан ағаның жасаған жақсылығына Сарыөзен ауылынын халқы куә. Бар болса басқамен бөлісіп, жоқ болса тауып беруге тырысатын азаматтардың бірі№ рамазан ағаның халыққа қолдап, көмек көрсеткен тұстары көп. Мәселен, ақылы бөлімде оқитын студенттердің ата-аналарына көмек ретінде Әжікбаева Бибігүлдің 4 жылдық, Ержанова Құралайдың 1 жылдық, Абақов Болатбектің 1 семестрлік оқу ақысын өтеді. 2007 жылы ұн өнімдерінің қымбаттауына байланысты ауылдың әрбір отбасына «халықты қолдау ретінде» екі қап ұннан таратқан болатын. Аз қамтамасыз етілген 15 отбасына жылқы малын таратты. Оған қоса отын-су тасып, күл-қоқыс шығаруға тегін техникамен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Тікенекті ауыл әкімшілігіне мереке-мейрамдарда жан-жақты демеушілік жасайды. 2002 жылы Тікенекті жерінде жатқан руы бөрші Әлке мен Базар батырларға арнап ас берілуінің ұйымдастырушыларының бірі болды. Рамазан Мұхатайұлының бұдан да басқа игі істері тізбектеп керсетуді талап етпейді. Себебі, халық өз кезегінде бұл кісінің жақсы істері жалғаса берсін деген ниетте. Ер азамат еліне еңбегімен сыйлы.

Ботагөз СЕМБАЙҚЫЗЫ,
Тікенекті ауылы.

*Экология*

## Берегам – чистоту и порядок



Дружно, весело, с чувством долга в минувшую субботу все трудовые коллективы районного центра отправились на берега реки Кундузды, чтобы очистить их от мусора. Подобное мероприятие по поручению акима района С.Ж.Шайдарова проходило в районе впервые, а потому и организовано оно было в виде экологического десанта, чтобы каждый смог осмыслить и твердо для себя запомнить, что чисто бывает не там, где убирают, а там, где не сорят.

Именно об этом напомнила всем собравшимся главный инициатор мероприятия А.И.Бардакова, обратившаяся с подобным предложением в районную газету, и одной из первых отправившаяся на уборку берегов нашей любимой речки.

Вооружившись мешками, пакетами, а некоторые даже граблями и лопатами, в сопровождении техники КГП «Каратал», десант поровну распределился по обе стороны моста: до развилки и по окраине поселка до маслозавода. Надо сказать, что мешки и все имеющиеся пакеты наполнились довольно быстро, настолько была загажена территория. Особенно изобиловали мусором кусты возле пляжных мест, где, видимо, не только купались, но и «культурно» отдыхали наши земляки. Идущим вдоль воды приходилось на видных местах организовывать что-то вроде стихийных свалок, которые следом подбирались тракторами коммунального хозяйства. Всего было собрано и вывезено в этот день на свалку техникой КГП «Каратал» более 35 тонн мусора.



Уже к обеду многие подустали, но не спешили расходиться по домам, идя все дальше вперед и вытаскивая из кустов все новые и новые доказательства отдельного разгильдяйства и безответственности. Наверное, в этом и есть проявление тех особых чувств патриотизма и любви к своему краю, которые и ведут людей на подвиг.

Можно с уверенностью сказать, что каждый, кто принял участие в этом экологическом десанте и выгребал мусор за кем-то, не станет сам халатно относиться к природе. Еще раз напомнит своим детям, что ее надо беречь, сохранять и всегда оставлять после себя чистой. А для этого всего-то и надо: уважать себя и других.

**Наталия Шевченко**

*Тағзым*

## Соғыстан кейінгі ұрпақ

Бар ғұмырынының әр белесі өнегеге, бар өмір жолындағы әр басқан қадамы ізгілік нұрына толы бөлек болмыс-бітімдегі жандар болады. «Соғыстан кейінгі ұрпақ» шекпенін жамылғандар арасында мұндай ерекше тағдыр иелері кептеп кездесетіні белгілі. Тоқшылықтың не екенін сезбей тұрып, жоқшылықтың зардабын тартқандардың, балалық дәуреннің балқұрағымен «мезгілсіз» қоштасып, ертерек есейгендердің өмірі басқаша болуы мүмкін емес те еді. Соғыстан кейінгі сондай ұрпақтың бірі – тағдыр талқысына жасатайынан шыңдалған – Рахым Хамзеұлы Сағындық болатын.

Соғыс кезінде тылдағы қиын шақта жұмыс істемеген адамға ештеңе де көктен құйылмаған ғой. Рахым аға, оның әпке-қарындасы да осыны тереңірек түсіне білген жандар. Олардың барлығы мал бағып, жер жыртудың «дәмін» жастайынан татып өседі. Ағамыз сабаққа өте зерек болыпты. Ол кезде электр деген атымен болмаған ғой. Содан шамның жарығымен сығырайып отырып, сабақ оқитын болған. Жоқшылықтың «салмағын» азайту үшін түннің бір уағына дейін егін егеді екен. Бір жолы Рахым ағаның әпкесі Орынтай апамыз өмірінде 3 жәйтке ғана жүрегі сыздағанын айтқантын. Ол кісі: «Ең алдымен әкем 10 жасымда өмірден қайтқанда, екінші рет анам өмірден өткенде, үшінші рет далада кішкентай ғана інімнің соқа сүйретіп, жер жыртқанын көрген кезде», деп өткенін еске алған еді. «Орынтай апаның бұл сезінен қаршадай баланың иығына сол кезде қаншалықты ауыртпалық түскенін түсінуге болады», дейді Рахым Хамзеұлының туған жиені Бақыт Мұхиддинова.

Шынымен де, әр жанның сана иірімдеріне қозғау салған соғыс жылдарының бөлек салмағы әлі де буыны қатаймаған жас балалардың мойнына түскендігі белгілі. Осындай сыни кезеңді өз басынан да өткерген ақын Мұқағали Мақатаев өзінің «Досыма хат» толғауында бұл жәйтке тоқталмай өтпейді.

«Секілді құрбы-құрдас жолдастарың,
Есіңде ме еңбекке жол басқаның?
Есіңде ме, қаршадай қара бала,
Соқаның құлағына жармасқаның?», деп жырлаған ақынның жыр жолдары сол кездегі Рахым сынды жеткіншектердің жүрек үні іспетті естілетіні анық.

Кейін соқа сүйреткен сол қаршадай бала ер жетеді. Туған ауылындағы сегіз жылдық мектепті тәмамадайды. Трактордың тетігіне машықтанып, шаруашылыққа араласады. 1970 жылы Қарағандыдағы Мичурин атындағы ауылшаруашылық техникумына түсіп, оны 1972 жылы бітіріп шығады. Бітіре салысымен Нұра кеңшарында бригадир, бөлімше меңгерушісі қызметтерін атқарады. Бұл жұмыстарда жүріп, Алматы ауыл шаруашылығы институтының инженерлік белімін сырттай оқып шығады. Сонау 1979 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданындағы Қарой ауылы «Париж коммунасы» деп аталып келген еді. Міне, сол жерде Р.Хамзеұлы 1979 жылдан 1989 жылға дейін бас инженер болып табандап 10 жыл жұмыс істейді. Еңбек жолын тракторшы болып бастаған ол 1990 жылдары сол кеңшардың директорлығына дейін көтеріледі. 1994 жылы «Париж коммунасы» совхозы негізінде құрылған «Әділет» толық шаруашылық серіктестігінің төрағасы болып сайланады. Өзі директор болып тұрған кезінде жаңадан салынған кеңсе үйін мектеп оқушыларына тарту етіп, ауыл басшылығы қызметкерлерінің тегістей ескі, кішкентай мектеп ғимаратына көшкендігі, оның жаны жомарт азамат болғандығын айғақтай түсетіндей. Елдің болашақ азаматтарының толық дәрежеде орта білім алып шығуы үшін мектепте бұрын-соңды болмаған 10-11 сыныптарды ашып береді. Ол ез қамқорлығына тек жастарды ғана емес, қамкөңіл қарияларды да алады. Бұл ретте ол ауыл ардагерлерімен қатар, аудан орталығында орналасқан «Көз» атты зағиптар қоғамын да үнемі көмек-қолын созып отырған. Осының бәрі бір кездегі тағдыр сынына мойымай, оған қасқая қарсы тұра білген қарапайым еңбек адамының бойындағы парасат-пайымның биіктігін керсетсе керек.

«Рахымның ерекше бір қасиеті – үнемі жақсылық жасауға ұмтылып тұратындығы еді. Осыған қатысты бір оқиғаны еске түсіргім келеді. 1972 жылы оның Нұра ауданында бөлімше меңгерушісі болып тұрған кезі еді. Бір күні қатты боран кезінде сол ауданның 10-11 жасар бір баласы із-түссіз жоғалып кетеді. Әлгі баланы бүкіл ауыл болып 3 күн іздейді. Ешкім таба алмайды. Барлығы күдер үзеді. Тек Рахым ғана өз үмітін жоймайды. Содан күн ашылғаннан кейін даланы кезіп жүріп, қардың астынан басы ғана қылтиып көрінген баланы тауып әкеледі. Қанат Таңатаров дейтін сол бала қазір аудандағы бір мектепті директоры. Ол өмірінің соңына дейін осындай парасат биігінен еш темендемеді. Рахымның қамқорлығын көрген ел-жұрты бүгінде оны сағынышпен еске алады. Оны барлығы Ақын деп атайтын. Байқап қарасам, Рахым 9 жастан 57 жасқа дейін дамылсыз еңбек етіпті. Бұл еңбегі зая кеткен жоқ деп ойлаймын. Бағаланды. Құрметтелді. Екеуіміз бір шаңырақ астында 45 жыл тұрыппыз. Жанат, Жанболат есімді бір ұл, бір қыз сүйдік. Тағдырдың жазуы болар, 2003 жылы ұлымыз Жанболат көлік апатынан қайтыс болды. Сол кезде Рахым өзі ауырып жатып, маған басу айтқан еді. Қазір Жанат деген қызымнан Әділет, Жанболаттан Шыңғыс есімді немерелерім бар. Айнұр келінім де өз қолымда. Қазір осы өміріме шүкіршілік етемін. Жаратқаннан Рахымның көзіндей болған балаларымның қызығын керуге жазсын деп тілек тілеймін», дейді зайыбы Рахима Сахитқызы бізбен әңгімесінде.

**Ләйла Еділқызы,**
«Егемен Қазақстан», 30 шілде 2008 жыл

Темиртауский региональный филиал АО «Народный банк Казахстана» объявляет открытый конкурс на занятие вакантных должностей: **контролера-кассира и менеджера по юридическим лицам в отделение № 370102 для работы в п. Киевка.**

Требование: высшее экономическое образование, ответственность, дисциплинированность. Резюме принимаются по адресу: п. Киевка, ул. Абая, 39, тел.: 2-22-38 или 8 (7213) 98-14-03.

**Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты әкімшілік мемлекеттік лаузымының бос орынына орналасуға конкурс жариялайды.**

Үміткерлерге қойылатын жалпы біліктілік талаптар:
E-G-4 санаты үшін . Білімі жоғары , немесе орта кәсіптік немесе орта білімі.

| Санат | Қызмет өткерген жылдарына байланысты жалақысы (теңге) | |
|---|---|---|
| | Бастап | дейін |
| E-G-4 | 22391 | 30275 |

1. Жараспай ауылы әкімі аппаратының жетекші маманы-бухгалтер (негізгі қызметкердің 2009 жылғы 23 қаңтарға дейін баланың күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс уақытына ) -1 бірлік, EG-4 санаты,№ 1-2

Функционалдық міндеттері: бюджеттік қаржылардың шығын сметасын және олардың есептеуін құрастыру. Штаттық кесте құрастыру. Айлық, тоқсандық баланстарды құрастыру, нышан, салықтар және аударымдар бойынша есеп жүргізу. Кіріс және шығын ордерлердің тіркеуін жүргізу. Зейнетақы аударымын аудару, бухгалтерия бойынша есептерді құрастыру. Халықтан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерін жинау. Түгендеу жүргізу.

Үміткерлерге қойылатын талаптар:
- білімі- орта кәсіптік немесе орта
- Қазақстан Республикасының еңбек Кодексін, « Нормативтік құқықтық актілері туралы», « Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті телемдер туралы», « Бухгалтерлік есеп туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы»,«Мемлекеттік жергілікті басқару туралы» Заңдарын білу.

«Word», «Excel» бағдарламалармен компьютерде жұмыс істей білу керек.
Осы санаттардың лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер білу керек.

Конкурс республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында ( «Егемен Қазақстан» 22.06.2001ж., енгізілген қосымшалар мен өзгерістермен 29.06.05ж, «Казахстанская правда» 23.05.2001ж.,еңгізілген өзгерістер мен қосымшалар 30.06.05ж газеттерінде) және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі Агенттігінің www.kyzmet.kz сайтында жарияланған әкімшілік мемлекеттік қызметтің бос орындарына конкурс өткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі.
Үміткерлерді тестілеуден өткізу құжаттарды қабылдау мерзімі біткен соң 5 жұмыс күннің ішінде белгіленген тәртіппен Қарағанды қаласы Бейбітшілік гүлзары, 39 мекен-жайындағы дистанциялық тестілеудің аймақтық орталығында өтеді.
Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерге арналған тестілеу бағдарламасы: EG-4 санаттары үшін.
1. мемлекеттік тілді білуге арналған тестісі
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын (енгізілген өзгерістері толықтыруларымен), Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (енгізілген езгерістері мен толықтыруларымен), Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» (енгізілген езгерістері мен толықтыруларымен), Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) білуге арналған тестілерді білуге қамтиды.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер аталмыш конкурс бойынша тестілеу өткен соң Нұра ауданы аппаратында 5 жұмыс күнінің ішінде өтеді.
Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында 100900 Нұра ауданы Киевка кенті К.Мыңбаев көшесі, 44 үйге, «Нұра» газетінде жарияланғаннан кейін 15 күнтізбелік күнінің ішінде тапсырылуы тиіс.Анықтама телефондары: 21632, 22543, 22561, факс 21721.

Конкурсқа қатысудың шығынын (конкурс ететін жерге келу және тұру) азаматтардың қаржыларымен қамтиды.

**Нұра ауданы әкімінің аппараты**

**Аппарат акима Нуринского районаКарагандинской области объявляет конкурс на занятие вакантной административнойгосударственной должности**

Общие квалификационные требования к участникам конкурса
Для категории E-G-4. Высшее либо среднее профессиональное или среднее.

| Категория | Должностной оклад в зависимости от выслуги лет | |
|---|---|---|
| | От | До |
| E-G-4 | 22391 | 30275 |

1. Ведущий специалист-бухгалтер аппарата акима села Жараспай ( на период отпуска без содержания по уходу за ребенком основного работника до 23.01.2009г) - 1 ед. , категория EG-4., № 1-2

Функциональные обязанности: исполнение бюджетных программ. Составление сметы расходов бюджетных средств и расчетов к ним. Составление штатных расписаний. Составление месячных,квартальных балансов, отчетов по формам, по налогам и отчислениям. Ведение регистрации приходных и расходных ордеров. Осуществление пенсионного отчисления. Проведение инвентаризации.

Требования к участникам конкурса:
образование – высшее либо среднее профессиональное или среднее
-знание Законов РК « О нормативных правовых актах», « О местном государственном управлении», « О налогах и других обязательных платежах в бюджет», « Об адресной социальной помощи», « О государственных закупках», Трудового Кодекса Республики Казахстан».
Умение работать на компьютере с программами «Word", " Excel".
Другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории.
Конкурс проводится на основе Правил проведения конкурса на занятие вакантной административной государственной должности, опубликованных в республиканских средствах массовой информации ( «Егемен Қазақстан» от 22.06.01, с дополнениями и изменениями от 29.06.05г, «Казахстанская правда» от 23.06.01, с дополнениями и изменениями от 30.06.05г) и на сайте Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы www.kyzmet.kz
Кандидаты, допущенные к участию в тестировании, проходят его в установленном порядке в региональном центре дистанционного тестирования города Караганды в течении 5 рабочих дней после окончания срока приема документов по адресу г.Караганда бульвар Мира,39.
Программа тестирования кандидатов на занятие вакантных административных государственных должностей: Категория EG-4: включает в себя 1. тесты на знание государственного языка
2.тесты на знание Конституции Республики Казахстан (с внесенными изменениями и дополнениями), Закона Республики Казахстан от 2 июля 1998 г. № 267-1 «О борьбе с коррупцией» ( с внесенными изменениями и дополнениями), Закона Республики Казахстан от 23 июля 1999г. «О государственной службе» ( с внесенными изменениями и дополнениями), Кодекса чести государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих), утвержденного Указом Президента РК от 03 мая 2005 года № 1567;
Кандидаты, допущенные к собеседованию проходят его в аппарате акима Нуринского района в течение пяти рабочих дней после проведения тестирования по данному конкурсу.
Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в районной газете «Нура» по адресу: Карагандинская область Нуринский район поселок Киевка, ул.К.Мынбаева, 44. Телефон для справок: 21632, 22543, 22561 факс: 21721
Расходы по участию в конкурсе (проезд к месту проведения конкурса и обратно, проживание и др.) граждане производят за счет собственных средств.

**Аппарат акима Нуринского района**

*К сведению населения*

## Легче предупредить, чем лечить

В своем Послании народу Казахстана Президент Нурсултан Назарбаев уделил пристальное внимание здоровью нации. Назвав заботу о здоровье казахстанцев общенациональной задачей, он, в частности, сделал акцент на профилактике заболеваний.

Предупредить любую болезнь, бесспорно, будет дешевле, нежели ее вылечить. В последние годы в республике совершенствуется комплекс мер по разработке методов выявления, ранней диагностики и лечения заболеваний. Смещение акцента со стационарной на уровень первичной медико-санитарной помощи можно проследить по тому, как внедряются скрининговые или, проще говоря, выборочные обследования казахстанцев.

С январях текущего года во всех пунктах первичной медико-санитарной помощи проводятся скрининговые обследования с целью раннего выявления наиболее часто встречающихся среди населения страны заболеваний. Это болезни системы кровообращения (артериальная гипертензия, ишемическая болезнь сердца), а также злокачественные новообразования женской репродуктивной сферы. Именно они занимают лидирующие позиции среди показателей смертности взрослого населения страны. Скрининги охватывают целые группы определенных возрастных категорий населения.

Приказ министра здравоохранения РК «О совершенствовании профилактических медицинских осмотров отдельных категорий взрослого населения» был принят в октябре прошлого года с учетом оценок экспертов, специалистов научно-исследовательских учреждений и организаций, проанализировавших риск возникновения социально-значимых патологий в различных возрастных группах.

На начальном этапе пациенту, год рождения которого совпадает с той или иной возрастной группой, предлагается заполнить анкету. Анамнестический опрос вкупе с собеседованием позволяют сделать вывод о возможности наличия в организме болезни на ее ранней стадии. Если имеются хотя бы два отклонения в анкете обследуемого, он получает направление на дальнейшее обследование. Пациент с подозрением на заболевание системы кровообращения, к примеру, проходит ЭКГ, сдает анализы на наличие в крови сахара, определение уровня холестерина, триглециридов и так далее. Выявленные отклонения от нормы служат причиной, по которой теперь уже больной становится на диспансерный учет и за ним устанавливается динамичное наблюдение с проведением поддерживающей базовой терапии. Что касается прекрасной половины человечества, каждая женщина должна как минимум раз в год пройти осмотр у гинеколога..

Состояние нашего здоровья во многом зависит от образа жизни, привычек, питания. Поэтому каждый обследуемый в ходе проведения скринингов получает подробную консультацию по ведению здорового образа жизни.

2008 жылғы 25 маусымдағы 7 сессиясының
Нұра аудандық Мәслихатының
№109 шешімімен бекітілген

қосымша

**Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасы**

1. **Жалпы ережелер**

Осы Қағида «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 97 бабының 2 тармағына, «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 34 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген «Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу» Ережесінің 2 тармағына сәйкес әзірленіп және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру тәрібін белгілейді.

Осы Қағидада мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
1) тұрғын үй көмегі - тұтынған коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және байланыс қызметі (абоненттік ақы) жөніндегі шығындарды өтеу үшін Нұра ауданының тұрғындарына берілетін көмек және ол тұрғындарды әлеуметтік қорғау түрлерінің бірі болып табылады;
2) телефонға абоненттік тарифтерінің арту өтемақысы – 2004 жылдың қыркүйек айының жағдайы бойынша құрылған тарифтерінің және қолданыстағы тарифтер аралығындағы айырмашылықты белгілейтін және телефонға абоненттік ақы тарифтерінің өсуіне байланысты шығындарды өтеуге арналған тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін ақшалай өтемақы;
3) өтініш иесі (жеке тұлға) – жеке өзінің немесе отбасының атынан тұрғын үй көмегін тағайындау үшін жолыққан адам;
4) жиынтық кіріс – тұрғын үй көмегін тағайындау құқығын анықтау кезінде ескерілетін кіріс (салықтық және зейнетақылық шегерілімдерді алыптастағанда) түрлерінің сомасы;
5) өкілетті орган – тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.
2. Тұрғын үй көмегі тұрғылықты мекен-жайда тұрақты тұратын адамдарға мынандай жағдайда, егер тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызметті тұтыну төлеміне шыққан шығын тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстауға, сонымен қатар телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. Тұрғын үйді күтіп ұстауға және тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесі 15 пайыз мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен белгіленеді (өзгеріс болған жағдайда Мәслихаттың шешімімен белгіліенеді).

2. **Көрсетілетін тұрғын үй көмегін мөлшерін анықтау**

3. Тұрғын үй көмегі өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі мөлшерде беріледі:
1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін -30 шаршы метр;
2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері:
газ:
орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған жағдайда- айына 8 килограмм;
орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда – айына 10 килограмм;
қатты отын:
1 'шаршы метр алаңды жылытуға –1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 ки[illegible]грамм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатты са[illegible]ған үйлерге 134 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде), үйге [illegible]онна көмірден артық болмауы тиіс.
[illegible]ұрғын үй көмегін есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.
отбасына электр қуатын тұтыну:
газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;
электр плитасы бар үйлерде – 250 киловатт.
3) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс теккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншіктерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай) басқару үлгісіне байланыссыз тарифтерді бекітетін органдармен белгіленеді.
4) тұрғын үй төлемі мен коммуналдық қызметке белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

3.**Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәрібі**

5. Тұрғын үй көмегін осы елді мекенде тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады. Отбасы құрамында балалары, немерелері бірге тұратын, пәтер иесі болып табылатын зейнеткерлерге жәрдемақы балалары мен немерелері есепке алынбай тағайындалады.
6. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.
7. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) және сондай-ақ 4 және одан да көп баланы - бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс [illegible]те қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, ә[illegible] қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыс[illegible]ғы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға [illegible]ықтары жоқ.
8. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.
9. Тұрғын үй көмегін мөлшері тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына нақты төлемақыны аудару сомасынан артуы тиіс емес.
10. Тұрғын үй көмегін қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз беріледі. Қолма-қол ақысыз төлемнің үлгісі – бұл тұрғын үй жәрдемақысының тең соммасына тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді ұстауға төлемді азайтады. Тұрғын үй жәрдемақысының соммасы комммуналдық қызметтерді жеткізушіге аударылады.
Қолма-қол үлгісі ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй жәрдемақысының төлемі жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар бюджет қаражаты есебінен азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.
Тұрғын үй көмегін төлеу формасын таңдау құқығы (қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз) алушыға беріледі.
11. Есеп шотқа тұрғын үй көмегін сомаларын аудару кезінде уәкілетті орган салым салушыларының бір жолғы тапсырмалары негізінде тұрғын үй жәрдемақысы сомалары салымынан аудару үшін банктік есеп-қисаптың формаларын толтыру жолымен бөлінген қаржыны мақсатты пайдалануларын тексеру қажет.
12. Өкілетті органдар тұрғын үй көмегін алғаннан кейін коммуналдық қызметтер мен тұрғын үйді ұстауға шыққан нақты шығындарды 1 айдың ішінде дәлелсіз себептермен төлемеген(науқастануы, уақытша болмауы және тағы басқалар) азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды тоқтатып, берілмесін. Тұрғын үй жәрдемақысын тоқтатып, оны бермеу туралы мәселесін комиссия тұрғын үй жәрдемақы алушысының қатыстыруымен қарайды. Комиссия шешім көшірмесін өтініш берушіге тапсырады.
13. Тұрғын үй көмегі төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. **Тұрғын үй көмегін беру мерзімдері**

14. Тұрғын үй көмегін тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті құжаттармен бір тоқсанға тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес болады.
Тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынған отбасылар құжаттарды нақты тапсырған күннен бастап емес, тұрғын үй жәрдемақысын бір тоқсанға алады.
Ағымдағы тоқсан бойы отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынбаған отбасылар, себебіне қарамай, тұрғын үй жәрдемақыларды есептеу құжаттар ұсынылған айдан бастап жүргізіледі.
15. Тұрғын үй көмегін алушылар 15 күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақсын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауы керек.
16. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.
17. Жәрдемақыға құқтыларды анықтау кезде басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар есепке алынбайды.

5.**Тұрғын үй көмегін өтіну және есептеу тәртібі.**

18. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға келесі құжаттармен өтінеді
1) тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтініш;
2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жылына 1 рет);
3) тұрғын үй иелігіне құқығын анықтайтын құжаттың, инвентарлық және кадастрлық нөмірлері көрсетілген, көшірмесі (ордер, тұрғын үй жекешелендіргені туралы келісім-шарт, сату-сатып алу келісім шарты, сыйға беру келісім шарты, мұрагерлік құқығы жөніндегі куәлік, жалдау (жалға алу) келісім шарты, меншік құқығын тану жөніндегі сот шешімі және басқалар) (жылына 1 рет) ;
4) отбасы құрамын және тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі (азаматтарды тіркеу кітабы, пәтердің карточкасы, үй кітабы) (жылына 1 рет егерде отбасы құрамында өзгеріс болмаған жағдайда );
5) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, жалғыз тұратын 65 жастан асқан адамдарды қоспағанда) көшірмесі;
6) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығындары туралы мәліметтер (түбіртек);
7) өтініш берушінің телекоммуникациялар желісінің абонементі екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтері есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі;
8) отбасы мүшелерінің табысы жөнінде мәліметтер;
9) жұмыссыздар тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады;
19. Құжаттар, салыстырып тексеру үшін, түпнұсқасында және көшірме түрінде тапсырылады, одан кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылып беріледі.
20. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындатуға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.
21. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі жүргізіледі, ол өтініш берушінің өтініміне қарай беріледі.
22. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда уәкілетті орган сұраныс жасауға құқты, ал заңды тұлға мен жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруге міндетті.
23. Жәрдемақы мөлшері тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметті пайдалануға тұрғын үй жәрдемақын алушысының телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлем мен тұрғын үй жәрдемақы алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

6. **Жиынтық табысты есептеу**

24. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақсын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).
25. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі .
Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).
26. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақсына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.
27. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.
28. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.
29. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

7. **Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері**

8. **Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:**
1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;
4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
5) өзге де табыс.
**9. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:**
1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
2) тұрғын үй жәрдемақысы;
3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
5) азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне байланысты аз қамтамасыз етілген азаматтарға көрсілетін ақшалай немесе заттай түрдегі көмек;
6) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.
Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;
7) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;
8) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;
9) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;
10) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;
11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:
дәрілік препараттар;
санаторийлік-курорттық емдеу;
протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);
жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары;
білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері.
12) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;
13) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

8. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын,еңбекақы,әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс

**10. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынындай түрде алынған табысы есепке алынады :**
1) жұмысберуші еңбекақы ретінде есептеген,атап айтқанда:
жалақының барлық түрлері,оның ішінде кесімді,мерзімді,сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар,қосымша ақылар,үстемақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге ҚР заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда,қаржыландыру көзіне қарамастан);
демалыс уақытында сақталатын жалақы,сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;
ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған,қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, ҚР заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;
уақытша,маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы;
сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы;
бала туғанда және жерлеуге берілутін жәрдемақыларды басқа,жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да төлем түрлері;
мерзімде қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі;
жалдау бойынша төленетін еңбекақы;
жұмыс беруші төлеген кредит сомасы. Көрсетілген төлемдер кредитті өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;
2. Әлеуметтік төлемдер атап айтқанда:
- Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық келісімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;
- мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
- арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;
- мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін төлемдер;
- бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
- үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек- балаларды материалдық қамсыздандыру;
- жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілутін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;
- 1, 2 – топтағы жалғызілікті,басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдем ақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер;
- бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және т.б. бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық соммасы есептеледі.
Қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия;
15.Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

9. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынған табыс

Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен;
1. Өнімді (жұмыстарды,қызметтерді) сатудан ;
2. тауарлық-материалдық құндылықтарды,мүлікті сату кезіндегі құн түсімінен;
3. шаруа (фермер)қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған.
Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі.Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;
4. өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.
16. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың кешірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде растайды.
Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қосылады.
17. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен расталады.
18. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон,патент,оңайлатылған декларация негізінде расталады.
Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда,ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

10. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, балаларға және басқа да арналған алимент асырауыдағыларға түріндегі табыс

Балаларға жене басқа да асырауыдағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады.
Алименттер,сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алиментінің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.
Адамдардың асырауындағылардың ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда,отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.
Жиынтық табыс,егер төлеуші:
1. жұмыс істемейтін және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркеген (анықтамасын ұсынған) кезде;
2. бас бостандығынан айыру орындарында не уақытша ұстау изоляторында болған (балаларға алимент аудармайтыны туралы түзеу мекемесінің анықтамасын ұсынған кезде);
3.туберкулез, психоневрологиялық диспансерде (стационарларда), еңбекпен емдеу профилакторийінде емдеуде жүрген немесе есепте тұрған (анықтамасын ұсынған кезде) ;
4. ҚР тиісті келісім жасаспаған мемлекеттерге тұрақты тұруға кеткен;
5. құзыретті органның анықтамасымен немесе учаскелік комиссияның актісімен расталады, спиртті ішімдіктерді, есірткі заттарын құмарлықпен салынып пайдалануына байланысты балалары мен басқа да асырауындағыларды ұстаудан жалтарған жағдайда, алиментті есепке алмай есептеледі.
Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса,осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрғын жағдайда,отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.
Және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен,сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады.Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

11. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын,жеке қосалқы шаруашылықтан алыынған
табыс

Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын,құс өсіруден,ауылшаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.
Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден,мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің кент,ауыл (село),ауылдық (селолық)округ әкімі немесе басқа да құзыретті орган растаған жеке қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша есептеледі.
Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілген дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг. өнімінің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады
Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.
Жиынтық табысқа жұмыс малынан (жылқы) түскен табыс есепке кірмейді.
Өнім бермейтін жастағы(төл) үй малынан,құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату,сою және т.б.) жағдайда есепке алынады.Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан,облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.

12. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын өзге табыс

33. Отбасының жиынтық табысты есептеу кезінде мынадай өзге де табыс есепке алынады:
1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
3) шетелдік валютаны өткізуден ;
4) асыл тастар мен қымбат бағалы метплдарды,олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындарын және антикваиант сатудан ;
5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
6) авторлық сыйақы түріндегі ;
7) жылжымайтын мүлікті,көлік құралжарын және басқа да мүлікті сыйға тарту,мұрагерлікке алу түрінде алынған ;
8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
9) қайтарымсыз алынған ақша;
10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
11) ақшалай аударымдар;
12) конкурстарда,жарыстарда (олимпиадаларда),фестивальдарда,лотереялар,салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда,ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.
34.Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған,ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.
35. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста есепке алынбайды.
36. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады. Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алыныды.